

«Мобильді топтар, құзыреттілік орталықтарының, консультациялық пункттердің қызметі: нәтижелер мен перспективалар» on-line форматында өңірлік семинардың қорытындысы туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Балаларды ерте дамыту институты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Мектепке дейінгі білім беру департаментінің қатысуымен ағымдағы жылдың қыркүйек айында «Мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункттердің, құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтардың қызметі туралы» on-line форматында өңірлік семинар өткізді.

Семинарға Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстық білім басқармаларының оқу-әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға жауапты мамандар мен әдіскерлері, құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтардың, консультациялық пункттердің қызметіне жетекшілік ететін педагогтер қатысты. 330-дан астам адам қамтылды.

Семинарды модератор Балаларды ерте дамыту институты директорының міндетін атқарушы М.Н. Ерманова жүргізді.

Мектепке дейінгі білім беру департаменті Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту басқармасының басшысы Б.А. Куптлеуова мектепке дейінгі ұйымның сапалық қызмет көрсетуге, мектеп жасына дейінгі балалардың қауіпсіздігіне, мектепке дейінгі ұйымдарын ваучерлік қаржыландыру мәселесіне, педагогтерді аттестаттау қағидаларына тоқталды.

Семинар барысында:

- мобильді топтардың, құзыреттілік орталықтардың, консультациялық пункт қызметі: нәтижелері мен болашағы;
- мобильді топтарының, құзыреттілік орталықтарының, консультациялық пункттерінің қызметі туралы мәселелер қаралды.

Өз жұмыс тәжірибелері мен қызметті тиімді ұйымдастырумен Абай, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстары мен Астана, алматы және Шымкент қалаларының педагогтері өздерінің озат педагогикалық қызметтерінің жұмыстарымен таныстырды.

Семинар модераторы Балаларды ерте дамыту институты директорының міндетін атқарушы М.Н. Ерманова консультациялық пункттердің, мобильді топтар мен құзыреттілік орталықтарының жұмысына тоқталып, олардың қызметін ұйымдастыру бойынша нақты ұсыныстар берді:

- сапаны бағалау критерилері бойынша Білім басқармаларымен анықталған әлсіз МДҰ деңгейін арттыру;
- құзыреттілік орталықтарының озат тәжірибесін өз жұмыстарында қолдану үшін жеке мектепке дейінгі ұйымдарды тарту;
- жұмыстарды бұдан әрі де жандандыру, өзектендіру арқылы МДТО сапасына қол жеткізу.

Семинарға қатысушылар өңірлердегі консультациялық пункттердің, құзыреттілік орталықтары мен мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыру, әдістемелік сүйемелдеу, қамтамасыз ету бойынша тәжірибелерімен бөлісіп, өз көзқарастары мен қызметін кеңейту жөніндегі алдағы жоспарларын айтты.

Семинар соңында қатысушылар пікір алмасып, ұсыныстар талқыланды.